

## Оқулықтарды жалпы білім беретін мектептерге бөлшек сатуды енгізу туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 1 қараша N 1338. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.02.03. N 157 қаулысымен. ~P000157

Жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын оқулықтармен барынша толық және дер кезінде қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жалпы орта білім беретін мектептердің оқушыларын 1997-2000 жылдар ішінде оқулықтарды ақылы пайдалануға кезең-кезеңімен көшіру жүзеге асырылсын.

1997/98 оқу жылынан бастап 10-11 сыныптарға арналған оқулық әдебиеттердің барлық түрін бөлшек сату енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп оқушыларды оқулықтармен ақылы қамтамасыз етуге барлық үлгідегі мектептерді көшірудің тәртібі мен мерзімін бекітсін;

баспалардан шыққан дайын оқулықтарға дер кезінде төлем жасауды және оларды әкетуді, тасымалдау мен сатуды Білім министрлігінің тиісті бөлімшелері мен жергілікті органдары оқулық әдебиеттердің сатылған бөлігі үшін тоқсан сайын сомаларын қайтара отырып ұйымдастырысын. Оқулық кітаптарды жеткізуге, жинақтауға және сатуға байланысты шығындар нақты жұмсалған шығыстар жөнінде облыстар бойынша 20 проценттен аспайтын мөлшерде, ал облыстың ішінде жеткізілетін жерге дейін - оларды босату құнының 30 процентіне дейін деп белгіленсін. Оқу әдебиеттерін облыстарға дейін жеткізу жөніндегі көлік-экспедициялық шығыстар үшін бақылау жасау Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне, облыс ішіндегі тасымалдау бойынша - облыстық білім басқармаларына (департаменттеріне) жүктелсін;

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігімен бірлесіп мектеп оқулықтарын жаңартудың перспективалық және жылдық жоспарларын әзірлесін, сондай-ақ басылымның таралымын, оқулықтарды басып шығару, әрбір сынып және пән бойынша жеткізу мерзімін, цикл бойынша олардың басылуын кезеңдік тоқтатуды ескере отырып мектеп кітапханасын қорландыруды белгілесін; басылымның өзіндік құнын азайту және сапасын жақсарту мен басып шығару мерзімін қыскарту мақсатында баспаҳаналар арасында республикалық полиграфиялық базаға

арналған тапсырыстарды орналастыру шарттарымен оқулық әдебиеттерді басып шығару құқығына тендер жарияласын; республикада конкурстық негізде жалпы білім беретін мектептер үшін орыс тілін оқытуға Ресей Федерациясынан оқулық әдебиеттерді сатып алу санын кезеңдік қысқарту мақсатында түпнұсқалық оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды дайындау мен басып шығарудың перспективалық жоспарын әзірлесін;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп аз қамтылған және көп балалы отбасыларының балаларын, интернат мекемелері мен балалар үйлерінің тәрбиеленушілерін оқулықтармен тегін және женілдікті қамтамасыз ету тәртібі мен шарттарын бекітсін.

Ақылы оқулықтарға бірынғай тіркелген бағалар енгізілсін, ол кітап қабының 4-бетіне немесе түптемесіне басылып жазылуға тиіс. Оқушылардың әлеуметтік қорғалмаған бөлігіне арналған оқулықтарға "Тегін" деген белгі қойылуға тиіс.

3. Республикада орыс тілінде оқытылатын мектептер үшін оқулықтар басып шығаруға толық көшкенге дейін Ресей Федерациясының "Просвещение" баспаханасы басып шығаратын оқулықтарды сатып алуға тапсырыс көлемі мәселелерін айқындау респубикалық бюджеттен қаржыландырылатын қолданылып жүрген тәжірибе негізінде Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің еншісінде қалуға тиіс.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне аз қамтылған отбасыларының балаларына, интернат мекемелері мен балалар үйлерінің тәрбиеленушілеріне ұсынылған шығыстар сметасы бойынша тегін берілетін оқулықтарды сатып алуға орталықтандырылған тәртіппен қаражат бөлсін.

5. "1996 жылға арналған респубикалық бюджет туралы" Қазақстан

Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2700 Зан күші бар Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 қантардағы N 53 қаулысының 20-тармағының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК